Особую важность для Казахстана представляет проблема сохранения биоразнообразия растительного мира в районах располагающихся вблизи больших городов, одним из них является Алматы. Флора горного массива окрестности Алматы содержит большое количество ценных и перспективных для хозяйственного использования растений. Среди них особый интерес представляет лекарственные растения. Кадастр лекарственных растений Тургенского ущелье включает 44 вида из 41 родов и 23 семейств.

Ключевые слова: фармотерапия, популяция, мезофиты, гидрофит, гигрофиты, ксеромезофиты, таксономия, систематика, ущелье, лекарственные растения.

Қоғамның дамуына байланысты адамзат дәрілік өсімдіктерге ерекше көңіл бөлген, оларды медицина саласында және малды емдеуде кеңінен қолданған. Көптеген фармакологиялық өнеркәсіптерде дәрілік өсімдіктерді шикізат ретінде пайдаланып, олардан медициналық маңызы бар препараттар алынған. Осыған байланысты, дүниежүзінде дәрілік өсімдік түрлерін, олардың таралуын ғылыми деңгейде зерттеу жұмыстары мемлекеттік, облыстық, аудандық және белгілі бір аймақтық тұрғыда жүргізілуде.

Қазақстанның әртүрлі климаттық жағдайларында 6 мыңнан астам тұқымды өсімдіктер кездеседі, олардың белгілі бір бөлігі дәрілік маңызы бар өсімдіктер. ТМД елдерінің ішінде Қазақстан дәрілік өсімдіктерге бай мемлекеттердің бірі. Дәрілік өсімдіктер кең тараған жерлерге, Қазақстанның оңтүстік және шығыс территориялары жатады, әсіресе Алатау, Алтай таулы аймақтары. Осыған байланысты Алматы қаласында орналасқан гуманитарлы экономиялық университет 2023 жылдан бастап «Алматы аймағының дәрілік өсімдіктері, оларды биология пәнін оқытуда пайдалану» тақырыбында грант бөліп, жас мамандардың, магистранттар мен студенттердің ғылыми жобаға қатысуына, зерттеу жұмыстарын жүргізулеріне жол ашты.

Халықаралық деңгейде өткізіліп отырған ғылыми және инновациялық «2024-жылдың үздік студенті» конкурсына ұсынылып отырған «Алматы аймағындағы, Тургенш шатқалының дәрілік өсімдіктері, олардың фармотерапиялық маңызы» тақырыбындағы жұмыстың **мақсаты** халықтық медицинада танымалды, кеңінен қолданылатын Алматы аймағының дәрілік өсімдіктер түрлерін зерттеу. Дәрілік өсімдіктерді зерттеу мақсатына байланысты мынандай **міндеттер** қойылды:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

• Алматы аймағының өсімдік бірлестіктерінде таралған медицина салаларында пайдалануға болатын дәрілік өсімдіктердің түрлерін жинау және анықтау.

• Халықтық және ғылыми медицина салаларында пайдаланылатын өсімдіктерге токсономиялық, экологиялық және биологиялық сипаттама беру.

• Дәрілік өсімдіктерге фармотерапиялық сипаттама беру.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңызы мен өзектілігі, Алматы аймағында кең таралған дәрілік өсімдік түрлерін практикалық қолданысқа байланысты медицина саласында пайдалануға ұсыныс жасау.

Ғылыми жұмысты орындауда мынандай мемлекеттік стандартты нормативті заңды негіз еттік: Дәрілік заттар туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы №522 – II заңы. (2007. 27.07 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Зерттеу нысаны ретінде Алматы аймағына кіретін Турген шатқалының өсімдік бірлестіктерінде кездесетін және халықтық медицинада белгілі, кең көлемде таралған дәрілік өсімдік түрлері алынды. Оларды зерттеу аймағында таңдап алуда дәрілік өсімдіктерді зерттеуге байланысты ғылыми еңбектер негіз болды.

Дәрілік өсімдіктерді зерттеуге байланысты әртүрлі әдістер пайдаланылды. Олар дәрілік өсімдіктерді іздеу, жинау әдістері және анықтау әдісі. Дәрілік өсімдіктерді анықтауда Қазақстанның 9 томдық «Флора Казахстана» және тағы басқа анықтағыштар қолданылды. Өсімдіктерді анықтау дихотомиялық «тездік және антитездік» жүйе арқылы жүргізіледі [1,2].

«Алматы аймағындағы, Турген шатқалының дәрілік өсімдіктері, олардың фармотерапиялық маңызы» тақырыбындағы жұмысты орындауда ғылыми жұмыстарға шолу жасап, дәрілік өсімдіктерді зерттеуде негіз еттік.

Жер бетінде 250 мыңнан асатын гүлді өсімдіктердің кездесетіні туралы мағлұмат бар, бұл топтың 20 мыңнан астамы пайдалы өсімдіктер ретінде белгілі. Олардың ішінде дәрілік өсімдіктер маңыздылығына байланысты ерекше топты құрайды. Қоғамның және ғылымның дамуына байланысты, дүниежүзінде дәрілік өсімдіктерді әртүрлі ауруларды емдеуге пайдаланған. Осыған байланысты, өсімдіктердің емдік қасиеттері туралы мәліметтер жарияланды.

Ұзақ жылдар бойы Россия және Қазақстан халықтары да әртүрлі аурулармен күресуге дәрілік өсімдіктерді пайдаланған. XVI ғасырдың аяғында дәрілік өсімдіктер жайындағы кітаптар латын және неміс тілдерінен орысшаға аударылды. Орыс ғалымдары Россия, Қазақстан мен Азия елдеріне географиялық зерттеу экспедицияларын ұйымдастырып, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, оның ішінде пайдалы өсімдіктер туралы деректер жинады.

Қазақстанның дәрілік өсімдіктерінің ресурстарын зерттеудің негізін қалаған ғалымдар өте көп. Олардың ішінде академик Павловтың жұмысын ерекше атауға болады. Николай Васильевич Павлов – Қазақстандағы ботаниктер мектебінің негізін қалаған және ұйымдастырған атақты ғалым. Оның шәкірттері Қазақстан территориясының әртүрлі аймақтарында, дәрілік өсімдіктерді зерттеуге байланысты ғылыми экспедицияларды ұйымдастырып, көрнекті ғылыми жұмыстарды жарыққа шығарды [3,4].

Солардың ішінде, биология ғылымдарының докторы, профессор Кукенов М.Қ. еліміздегі «Ботаникалық ресурстану» ғылымның негізін қалаушылардың бірі болды. Ол 100-ден астам ғылыми еңбек жазды солардың ішінде «Флавоноидсодержащие растения Юго-Востока Казахстана»; «Ресурсы лекарственных растении Казахстанского Тянь-Шаня» және «Ботаническое ресурсоведение Казахстана» деген монографиялары бар [5].

Дәрілік өсімдіктерді зерттеуші ғалымдардың бірі Айдарбекова Д.К, өсімдік түрлерінің шикізат даярлау қарқынын сараптап, әр өсімдік түрлеріне жеке-жеке тоқталып, оларды тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар берген [6].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Гемеджиева И.Г алғаш рет Солтүстік Тянь-Шань, Жоңғар провинцияларында таралған алкалоидты өсімдіктердің тізімін жасап, оларға жан-жақты талдау жүргізген, оларды тиімді пайдалану туралы ұсыныс берген [7].

Қазақстанның шығыс аймақтарында Байтуллин И.О, Мырзағалиева А.Б. дәрілік өсімдіктерді зерттеген. А.Б.Мырзағалиева Батыс Алтай және Нарын жоталарында дәрілік өсімдіктердің түрлік құрамын, таралуын және олардың табиғи қорларын анықтаған [8,9].

Дәрілік өсімдіктердің түрлерін, таралуын, олардың ішіндегі сирек кездесетін, қорғауды қажет ететін түрлерді зерттеу жұмыстары Қазақстанның шығыс аймақтарының бірі болып есептелетін, Шыңғыстау таулы-далалы өсімдік бірлестіктерінде жүргізілген. Шыңғыстау Семей ядролық полигон (СЯП) орталығы болуына байланысты, оның өсімдіктер және жануарлар әлемі 50-60 жылдардан кейін зерттелмеген. Оқу министрлігінің гранты бойынша Шыңғыстау аймағының өсімдіктері мен жануарлары анықталды. Алматы гуманитарлы экономикалық университетінің ұсынып отырған ғылыми жұмыстың жетекшісі Карипбаева Н.Ш грантқа қатысушы ғалымдармен бірге дәрілік өсімдіктерге байланысты бірнеше мақалалар жарияланды [10,11].

Жоғарыда көрсетілген ғылыми жұмыстардың негізінде 2023 жылдан бастап Алматы аймағында орналасқан Турген шатқалының өсімдік бірлестіктеріндегі дәрілік өсімдіктерді зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Турген шатқалы Іле Алатауының солтүстік сілемдерінде, Алматыдан 90 км қашықтықта орналасқан және басқа да көптеген шағын шатқалдармен іргелес жатыр. Түрген шатқалы өзінің сарқырамаларымен әйгілі, олардың ішінде Аюлы, Қайрақты (Бузгүл) ірілері болып саналады.

Шатқалдың беткейлері толығымен шыршалы орманмен жабылған, әсем жартастар арасында Тянь-Шань шыршасының үлкен популяциялары бар, олар мәңгі мұзда өмір сүруге бейімделген реликті Шың-Турген шыршалы-мүкті ормандардың құрайды.

Турген шатқалында мезофитті және гигрофитті өсімдіктердің әртүрлі экотоптары кездесетін альпі шалғындары, аралас ормандар, көлдер мен өзендер бар.

Турген шатқалына экспедиция кезінде 40-тан астам дәрілік өсімдіктерді жинап, анықтап, оларға таксономиялық, экологиялық және биологиялық сараптама жасалынды.

Дәрілік өсімдіктер Турген шатқалындағы шалғынды, орманды – шалғынды жерлерден жиналды. Дәрілік өсімдіктерді жинауда екі белгіге сүйендік: біріншіден, әдебиет деректеріне, екіншіден, өсімдік бірлестіктеріндегі өсімдік эфир майлы хош иісті болуына, өйткені эфир майлы өсімдіктердің көпшілігі дәрілік өсімдіктер ретінде белгілі .

Алматы аймағындағы, Турген шатқалында кездесетін дәрілік өсімдіктерге таксономиялық сараптама жасауда 44 түрлі дәрілік өсімдіктерді халықтық және ғылыми медицина салаларында пайдалануға болатынын анықтадық. Олар систематикалық тұрғыда 23 тұқымдасқа, 41 туыстасқа жататын, әртүрлі экотоптарда таралған 44 түрді біріктіреді.

Зерттеу деректері, дәрілік қасиеті бар, яғни дәрілік шикзат ретінде пайдалануға болатын көп туыстастары бар тұқымдастың бар екенін көрсетті. Оларға Күрделігүлділер-*Crucifera* (6 туыс, 13%), Ерінгүлділер-*Labiatae* (6 туыс, 13%), Раушангүлділер- *Rosaceae* (6 туыс, 13%), Бұршақтар-*Leguminosae* (3 туыс, 6%), Сарғалдақтар-*Ranunculaceae* (3 туыс, 6%), Тарандар-*Polygonaceae* (2 туыс, 4%), Крестгүлділер-*Crucifera* (2 туыс, 4%). Бұл тұқымдастардың ішінде раушангүлділер, ерінгүлділер, күрделігүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдік түрлері өте танымалды, олар Қазақстанның халықтық және ғылыми медицина саласында қолданылуда, бұл сәйкестік, біздің еліміздеде адамзат қоғамының дамуымен тікелей байланысты болғандығын дәлелдейді.

Дәрілік өсімдіктерге систематикалық сараптама жасауда туыстастар ішінде, біз зерттеген геоботаникалық аймақта кең таралған түрлер мына туыстастарды ерекше

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

орынға қояды, олар: Жуалар-*Allium*, Жусандар-*Artemisia*, Бақ-бақ-*Taraxacum*, Қазтабан-*Potentilla*, Құртқашаштар-*Iris,* Қайыңдар-*Betula* т.б, оларды медициналық мақсатта жинауға болады.

Алматы аймағында орналасқан, Турген шатқалы таулы орманды жерлерден құралған, күрделі рельефті болып келген. Мұздың еруіне байланысты таудың жоғарғы жағынан ағатын өзендер мен сарқырама және кішігірім бұлақтар, көлшіктер бар. Осыған байланысты жазық алаңдардағы, сайлы жерлердегі, орманды ашық алаңдардағы өсімдіктер өсетін топырақ төсемесі ылғалды болып келеді, әсіресе ойпаттау жерлерде. Мұндай территорияларда суды белгілі бір мөлшерде қажет ететін шалғынды, орманды-шалғынды өсімдік бірлестіктері топтасқан, олар мезофитті экологиялық топтарды құрайды. Біз зерттеу жұмысын жүргізген аймақта 24 (55%) мезофитті дәрілік өсімдік түрлері кездесті, олар Қайың- *Betula. L,* Қалақай - *Urtica L*, Маралоты- *Thalictrum L,* Қазтабан- *Potentilla L,* Шелна-*Sanguisorba,* Лабазник-*Filipendula.* Қазтабан- Potentilla, Жұпаргүл-*Origanum* т.б.

Сулы жерлердің айналасында гигрофитті, гигромезофитті, яғни ылғалды көп мөлшерде қажет ететін дәрілік өсімдік түрлері кездесті, солардың ішінен Жалбыз-*Mentha,* У сарғалдақ-*R. Scleratus* түрлері бар, олар біз анықтаған дәрілік өсімдіктердің 4 % құрады.

Турген шатқалының мезосферасы ылғалды болып келгенімен, кейбір дөңестеу микрорельефті жерлерінде топырақ ылғалдылығы сайларға қарағанда төмендеу болады. Мұндай жерлерде су мөлшерін үнемдей алатын, белгілі бір морфологиялық бейімделу ерекшеліктері бар, ксерофитті және ксеромезофитті экологиялық өсімдік бірлестіктері таралған. Солардың ішінде ылғалы қалыпты жерлерде өсетін ксеромезофитті, яғни құрлыстарында ксерофитті және мезофитті ерекшеліктері бар аралық экотоптар кездесті. Турген шатқалығындағы дәрілік өсімдіктердің 18 түрі, яғни 41% ксеромезофитті өсімдіктер, олар ылғалы аздау дөңестенген жерлердегі шалғындарда таралған. Мұндай экотоптарда Құртқашаш -*Iris*, Алабұта-*Chenopodium,* Ақмия-*Goebelia*, Фломис-*Phlomis,* Сасықшөп-*Leonurus,* Шалфей-*Salvia,* Мыңжапырақ-*Achillea,* Жусан-*Artemisia* т.б. кездеседі. Жоғарыда көрсетілген мезофитті, ксеромезофитті дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері, өсімдік бірлестіктерінде доминантты, кодоминантты топтарды құрайды. Бұл топтардың ішінде Арша -*Juniperus*, Қылша-*Ephedra*, Шырша- *Picea,* Жуа-*Allium,* Қалақай–*Urtica,* Сүйелшөп-*Chelidonium*, Қазтамақ-*Geranium,* Шалфей-*Salvia,* Мыңжапырақ-*Achillea,* Бақбақ-*Taraxacum* т.б ірі популяциялары бар, мұндай экотоптардан дәрілік өсімдіктерді белгілібір мөлшерде жинауға болады.

Заил Алатауында орналасқан, Турген шатқалы таулы орманды территория, онда реликтілі Шың-Турген мүкті-шыршалы ормандар орналасқан, мұнда суыққа төзімді Тянь-Шань шыршасы кең таралған, ірі популяцияларды құрайды.

Турген шатқалының жоғарғы бөлігінде орналасқан Аюлы сарқырама, Батан, Қайрақты сарқырама, Ой Жайлау тау сілемдерінде аршаның ірі тпопуляциялары бар. Жалаңаш тұқымдыларға жататын, Арша, Шырша, Қылша таулы далалы аймақтарда нағыз ксерофитті топтарды құраса, Алматы аймағында ксеромезофитті экотопты құрайды, олар тау беткейлерімен қатар, сайлы, өзекті жерлеордеде таралған.

Жылдың әр мезгілінде, өсімдікте дәрі ретінде құндылығын анықтайтын биологиялық белсенді заттардың мөлшері әртүрлі болады. Дәрілік өсімдіктерді гүлдеу кезеңдерінде жинайды, гүлдері солу кезінде жинауға болмайды. Дәрілік өсімдіктердің жер үсті жасыл бөліктері- жапырақтарында, сабақтарында, әсер ететін заттар гүлдеу және жеміс берудің бастапқы кезінде көп мөлшерде болады. Біз анықтаған дәрілік өсімдіктердің гүлдеу уақыттары әртүрлі. Дәрілік өсімдіктердің гүлдеу уақыттарын 2 кезеңге бөлуге болады: ерте гүлдейтіндер, олар 12 туыс өкілдері (27%), жаз айларында гүлдейтіндер, олар 32 туыс (73 %) өкілдері кіреді. Турген шатқалы шөптесін дәрілік

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

өсімдіктердің жаз айларында жаппай гүлдеуі кезінде, өсімдік бірлестіктерінің сыртқы келбеті мен реңі өзгеріп, дәрілік өсімдіктердегі эфир майларының, химиялық басқада активті заттардың көп мөлшерде бөлінуіне байланысты тез тауып, анықтауға мүмкіншілік береді.

Ұзақ жылдар бойы адамзат әртүрлі ауруларымен күресуге дәрілік өсімдіктерді кеңінен пайдаланған. Осыған байланысты 20- ғасырлардан бастап, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдары өсімдіктерден алынған дәрілерге өте үлкен мән беруде.

Еліміздің дәріханаларында сатылатын дәрілердің 70-75%-ы шетелдерден әкелінген. Осыны ескере отырып Қазақстан ғалымдары дәрілік өсімдіктерді дәрілік шикізат ретінде 40-50-ші жылдардан бастап ұсынған. Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып Қазақстан үкіметі, республикалық ғылыми техникалық бағдарламаларға көңіл бөліп қаржыландыруда, соның ішінде өсімдіктердің фармакотерапиялық ерекшеліктерін ғылыми негізде зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Ғылыми еңбектеді пайдалана отырып Алматы аймағында таралған, жоғарыда аталған өсімдіктердің 40-тан астам түрлерінің фармакотерапиялық әсерлерін зерттедік (кесте).

Алматы аймағындағы дәрілік өсімдіктерді ғылыми және халықтық медицинада қолдану. кесте.

Фармакотерапиялық әсері	***Өсімдік түрлерінің қазақша атауы (Арыстангалиев С.А бойынша)***
1	**2**
1.Жүрек – қан тамырларының ауруы	Шілтежапырақ, Шайқурай, Жасыл сасық шөп
2.Қақырық түсіру	Емдік жалбызтікен, Биік аңдыз, Кәдімгі жұпаргүл, Шалғын жұпаргүл, Өгейшөп, Жалбыз, Кәдімгі бақбақ, Үлкен бақажапырақ, Жалаң мия, Кәдімгі жебір, Үштармақты итошаған
3.Бронхиалды астма	Өгей шөп, Қаражусан, Жалаң мия
4. Нерв жүйесін тыныштандыру	Шалғын қастамақ, Жұпаргүл, Қаражусан, Жалбыз, Кәдімгі жебір
5.Іш жүргізетін	Қосүйлі қалақай, Кәдімгі бақбақ, Үлкен бақажапырақ, Жалаң мия, Кәдімгі мыңжапырақ
6.Асқазан – ішек ауруы	Емдік жалбызтікен, Шалғын қастамақ, Биік аңдыз, Кәдімгі жұпаргүл, Шілтержапырақ шайқурай, Бұрыш жалбызы, Жалаң мия
7.Өт айдау	Үлдкен андыз, Қосүйлі қалақай, Кәдімгі бақбақ, Үлкен бақажапырақ, Жусан, Кәдімгі мыңжапырақ
8.Тәбетті ашатын	Үлкен андыз, Шілтержапырақты шайқурай, Шалғын қастабаны, Кәдімгі түймешетен, Кәдімгі мойыл
9.Несеп айдатқыш	Үлкен андыз, Шалғын бедесі, Кәдімгі қымыздық
10.Қан тоқтататын және жатыр ауруы	Шалғын қазматақ, Биік андыз, Шілтержапырақты шайқурай, Қосүйлі қалақай
11.Тер шығаратын және ыстықты төмендететін	Кәдімгі жұпаргүл, Шалғынды беде, Қосүйлі қалақай, Өгейшөп, Бұрыш жалбызы, Үлкен бақажапырақ, Кәдімгі мойыл
12.Гельминтті ауру	Үлкен андыз, Кәдімгі түймешетен, Жалаң мия, Кәдімгі бақбақ, Үлкен бақажапырақ, Кәдімгі мойыл
13.Тері ауруы	Үлкен андыз, Кәдімгі жұпаргүл, Шалғынды беде, Қосүйлі қалақай, Бұрыш жалбызы, Кәдімгі бақбақ, Үлкен бақажапырақ, Жалаң мия, Кәдімгі мыңжапырақ
14.Антисептикалық және ауырғанды басатын	Кәдімгі жұпаргүл, Қара меңдуана, Үлкен бақажапырақ, Кәдімгі жебір

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Кестеде көрсетілген дәрлік өсімдіктер Алматы аймағының, Түрген шатқалының әртүрлі экологиялық орталарында таралған. Дәрілік өсімдіктердің көпшілігі шалғынды-мезофитті және ксеромезофитті топтарды құрайды.

Мезофитті дәрілік өсімдік түрлерін көп жағдайда шалғынды, шалғынды – орманды өсімдік бірлестіктерінде кездестірдік. Мұндай бірлестіктерде күрделігүлділер, раушангүлділер, ерінгүлділер, бұршақ тұқымдастар өкілдері доминантты және кодоминантты топтарды құрайды.

Олар әсем реңді, хош иісті, бунақ денелілер арқылы тозаңданатын, жаз айларында гүлдейтін өсімдіктер. Бұл тұқымдастар халық арасында дәрілік өсімдік ретінде танымалды, сондықтан қалаға жақын шалғынды жерлерде кейбір түрлерді көп жиналуға байланысты антропагенді әсерге ұшыраған, әсіресе Биік андыз-*I. helenium*, Кәдімгі жебір-*Th. serpyllum*, Дала жалбызы-*M. arvensis*, Үлкен жолжелкен-*P. major* т.б.

Мезофитті дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері, оның ішінде Кәдімгі мыңжапырақ-*A. millefolium*, Кәдімгі бақбақ-*T. officinale*, Қосүйлі қалақай-*U. dioica*, Шалғынды беде-*T. pratense*, Шығыс қазматақ-*P. orientalis* және жусанның түрлері шалғынды өсімдік бірлестіктерінде ірі популяцияларды құрайды , оларды дәрілік мақсатта белгілі бір мөлшерде жинау өсімдік бірлестіктеріне үлкен зиян келтірмейді деп есептейміз.

Сонымен, Алматы аймағындағы, Түрген шатқалында 44 дәрілік өсімдіктер түрлерін анықтап, олардың әртүрлі ауруларды емдеудегі фармотерапиялық қасиеттерімен таныстық.

Түрген шатқалында дәрілік өсімдіктердің 11(25%) түрі қақырық түсіруде қолдануға болады, солардың ішінде Кәдімгі бақ-бақ-*T. officinale*, Кәдімгі жебір-*Th. serpyllum*, Кәдімгі жұпаргүл-*O. vulgare*, Үлкен бақажапырақ-*P. major* ірі популяцияларды құрайды.

Алматы қаласында халық санының көп болуына және экологиялық жағдайларға байланысты әртүрлі тері аурулары кездеседі. Біз анықтаған дәрілік өсімдіктердің ішінде 9 түр (20,4%), оның ішінде Қосүйлі қалақай- *U. dioica* , Кәдімгі бақ-бақ- *T. officinale*, Кәдімгі мыңжапырақ- *A. millefolium*, Шалғынды беде- *T. pratense* т.б. тері ауруларын емдеуде қолданылады.

Халық арасында, оның ішінде жастарда асқазан-ішек аурулары және тұмау аурулары кең таралған. Тұмау кезінде адамның ыстығы көтеріледі осыған байланысты тері шығаратын, ыстықты төмендететін дәрілік өсімдіктердің тұнбасын ішу керек. Бұл ауруларды емдеу үшін Жалаң мия- *G. glabra*, Шілтежапырақ шайқурай-*H. perforatum*, Дала жалбыз- *M. arvensis*, т.б қолданыс табады, олар Турген флорасында 7 түрді (15,9%) құрайды.

Кестеде көрсетілген өсімдіктердің көпшілігінің жүрек-қан тамырлар, бронхиялды астма, іш жүргізетін, нерв жүйесін тыныштандыратын, өт және несеп айдайтын, тәбетті ашатын, гельмент ауруларын емдейтін қасиеттері бар.

Қорытынды

Алматы аймағының, Турген шатқалында 44 дәрілік өсімдіктердің түрлері жиналып, анықталды, олар систематикалық тұрғыда 23 тұқымдасқа, 41 туыстасқа жатады. Солардың ішінде 24 туысқа жататын (55%) дәрілік өсімдік түрлері кең таралған, олар Қайың- *Betula*, Қалақай-*Urtica*, Маралоты- *Thalictrum*, Қазтабан-*Potentilla*, Шелна-*Sanguisorba*, Лабазник-*Filipendula*, Қазтабан- *Potentilla*, Жұпаргүл-*Origanum* т.б.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Зерттеу нәтижелері, дәрілік қасиеті бар, яғни дәрілік шикзат ретінде пайдалануға болатын көп туыстасты тұқымдастардың бар екенін көрсетті. Оларға күрделігүлділер (6 туыс, 13%), ерінгүлділер (6 туыс, 13%), раушангүлділер (6 туыс, 13%), бұршақтар (3 туыс, 6%), сарғалдақтар (3 туыс, 6%), тарандар (2 туыс, 4%), крестгүлділер (2 туыс, 4%).

Бұл тұқымдастардың ішінде халықтық және ғылыми медицинасында әсіресе раушангүлділер, ерінгүлділер, күрделігүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдік түрлері өте танымалды, олар Қазақстанның халықтық және ғылыми медицина саласында қолданылуда, бұл сәйкестік, біздің еліміздеде адамзат қоғамының дамуымен тікелей байланысты болғандығын дәлелдейді.

Дәрілік өсімдіктерге систематикалық сараптама жасауда туыстастар ішінінде кең таралған түрлер мына туыстастарды ерекше орынға қояды, олар: жуалар , жусандар, бақ-бақ, қазтабан, қалақай, құртқашаштар, қайыңдар т.б, оларды медициналық мақсатта жинауға болады.

Ұсынылып отырған мақала, Ұлттық Академияның ғылыми және инновациялық зерттеу жұмыстарға қойылатын талаптарға сай, оның бірегейлігі 70%-тен төмен емес.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Флора Казахстана. Алма-Ата, издательство Акедемии наук Казахский ССР. I-IX том. 1956-1966ж.

2. Байтенов М.С. Флора Казахстана. Алматы, Ғылым. 2001ж

3. Доброхотова К. В, Чудинов В. В. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. Алматы, 1963.

4. Мұхитдинов Н. М Лекарственные растения Казахстана, Алматы, 2002г.

5. Кукенов М. К, Әдекенов С. М. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. Алматы «Ғылым» баспасы, 1998ж.

6. Айдарбекова Д.К. Қазақстанның оңтүстігі мен шығысындағы өсімдік қорларының қазіргі жағдайы. Алматы. 2010ж.

7. Гемеджиева Н.Г «Растительные ресурсы (лекарственные и пищевые растения) Заиилийского Алатау и их рациональное использование» Алматы 1994ж.

8. Байтулин. И.О. Ресурсы лекарственных растений Восточного Казахстана. Ботанические исследования в Казахском Алтае. - Риддер, 2005, - С. 94-99.

9. Мырзағалиева А.Б. Ресурсы лекарственных растений Западного Алтая и хребта Нарын. Алматы. 2010ж.

10. Карипбаева Н.Ш., Полевик В.В., Куанышбаева М.Г., Мукаева Г.Т., Нагашбекова Л.А. Межд. науч. практ. конф. «Научно-практические основы производства функциональных пищевых продуктов с применением лекарственных растений» Семей, КазГЮИУ. 2014 г.

11. Meruyert Kuanyshbayeva 1*, Nurzia Karipbayeva2, Victor Khromov1, Vassiliy Polevik 1, and Aigerim Zhumaniyazova1 Flora and fauna of Chingiztau BIO Web of Conferences 100, 04024 (2024) https://doi.org/10.1051/bioconf/202410004024 IFBioScFU 2024 (skopus)

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ХИМИЯЛЫҚ ТОҚ КӨЗДЕРІН АЛУ ЕРЕКШЕЛЕКТЕРІ

Жалгасбаева Еркенур Асылбековна, Алипбаев Аманбол Наматжанович
Алматинский технологический университет
Алматы, Казахстан

Аңдатпа: Химиялық ток көздері (ХТҚ) әдетте химиялық реагенттердің тотығу-тотықсыздану реакциялары арқылы энергиясын пайдаланып электр тогын шығаратын құрылғылар деп аталады. Ең қарапайым (ХТҚ), анодтан және катодтан тұратын электролиттерден құралады. Тотығу-тотықсыздану химиялық реакцияларының нәтижесінде потенциалдар айырымы – катод пен анод арасындағы (ЭҚК) – электр қозғаушы күштерді арқылы белгіленеді, ол тотығу-тотықсыздану химиялық реакциясының Гиббс энергиясының айырмашылығымен анықталады.


Түйінді сөздер: Химиялық ток көздері (ХТҚ), электр қозғаушы күш ЭҚК, пиротехникалық резервтік ток көздері, тотығу-тотықсыздану реакциялары.

Кіріспе. Қазіргі уақытта перспективті материалдарды ретінде (ХТҚ) алу және қолдануы кең таралып, және сонымен қатар төмен және орташа қуаттағы портативті электрондық құрылғылардың энергияға қажеттілігін арттыру болып табылады. Мұндай құрылғыларға смартфондар, ноутбуктер, мультимедиялық құрылғылардың әртүрлі түрлері құрылғылар жатады [1]. Эксплуатациялық сұлбасына және электр желісін энергиямен қамтамасыз ету мүмкіндігіне сәйкес химиялық көздер [2] болып бөлінеді: Оларға : Гальваникалық ХТҚ немесе бастапқы элементтер; Электрлік батареялар немесе қосалқы элементтер; Электрохимиялық генераторлар немесе отын элементтері; Бастапқы элементтер бір рет пайдалануға арналған. Мұндай элементтердің құрамында белсенді заттардың белгілі бір мөлшері бар, олар тұтынылғаннан кейін бастапқы элементтер өздерінің функционалдығын жоғалтады; Химиялық ток көздерінің жұмысы электродтардың ішкі кедергісіне, табиғатына, өлшеміне және жұмыс уақытына байланысты. Никель-металл гидридті және литий-ионды аккумуляторлар негізінен автономды электронды құрылғылар үшін қуат көзі ретінде пайдаланылады. Дегенмен, литий-иондық аккумуляторлардың келесі кемшіліктері бар: төмен температурада зарядсыздану кедергісі мен батареяның сыйымдылығы күрт төмендейді және ол шамадан тыс зарядтауға сезімтал. ПРТҚ потенциалдық мүмкіндіктері толығымен іске асырылып дамытылып қарастырылмаған. Сонымен қатар ПРТҚ құрастырып әзірлеу жетілдірілмеген және де практикада да іске асырылмаған. Мысалы ретінде сипаттамысы бойынша меншікті энегиясы мен меншіктікті қуаттылығы теориялық деңгейіне жетілдірілмеген, жұқа көпқабатты ПРТҚ зарядтарының жану кезіндегі механизмдері, жылудың таралуы, тоқтың генерациясы толық зерттелінбеген, ПРТҚ жұмысы кезіндегі дәйектілігіне қатаң талап етілмеген. Сонымен қатар ПРТҚ зарядының таусылуы кезінде меншікті тоқтың жоғалуы әлі күнге дейін шешілмеген. Магний және литий, мыс фторидтеріне негізделген пиротехникалық резервтік ток көздерінің әртүрлі параметрлері жұмыс істейді: электр қозғаушы күш, ішкі кедергі, максималды рұқсат етілген ток заряды және өткізу қабілеті. Сонымен қатар, батареялардың маңызды кемшілігі бар: оларды зарядтау үшін оларды электр желісіне қосу керек және бұл процесс көп уақытты қажет етеді [3-7]. Қорғасын және литий фторидтеріне негізделген пиротехникалық резервтік унциялар химиялық ток көздерімен салыстырғанда қызмет ету мерзімін ұзартуға қабілетті.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Тәжірибелік бөлім

Химиялық ток көздері екі электрод тұрады (теріс тотықсыздандырғыш және оң зарядталған катод бар зарядталған анод, құрамында тотықтырғыш бар) электролитпен байланыста. Электродтар арасында потенциалдар айырмасы белгіленеді — сәйкес электр қозғаушы күш тотығу-тотықсыздану реакциясының бос энергиясы. Химиялық заттардың әрекеттесу нәижесінде ток көздері жабық сыртқы контурда, жәнеде кеңістікте бөлінген процестердің пайда болуына негізделген: теріс анодта тотықсыздандырғыш тотығады, нәтижесінде бос электрондар сыртқы контур арқылы оң катодқа жылжи отырып, жасайды разряд тогы, мұнда олар тотықтырғыштың тотықсыздану реакциясына қатысады. Бұл процесті төменде көрсетілген.



1- Сурет химиялық ток көздерінің сұлбасы

Химиялық ток көздері көбінесі Бекетов қатарына байланысты алынады.

Li→Rb→K→Ba→Sr→Ca→Na→Mg→Al→Mn→Zn→Cr→Fe→Cd→Co→Ni→Sn→Pb→H →Sb→Bi→Cu→Hg→Ag→Pd→Pt→Au

Қарапайым ток көздері ретінде мыс және мырыш негізді ХТК қарастырсақ анодта мыс, яғни сутектен кейін орналасқан және катод ретінде мырыш сутектен алдында орналасқан электордтарды тандалады. Электролит ретінде күкірт қышқылы алынады себебі мыс күкірт қышқылыда ерімейді ал, мырышта ериді.

ПРТК вольт-амперометриялық сипаттамаларын анықтау үшін MgF_2/LiF/Zn және MgF_2/LiF/Cu реагенттерінің әртүрлі стехиометриялық қатынасы бар үлгілер алынды, электродтар анод пен катодқа бөлінеді, содан кейін үлгілер герметикалық жабылған ыдысқа орналастырылады. кварц түтігі, ал инертті орта ретінде аргон газы енгізіледі. Цилиндрлік пеш арқылы рейка көмегімен кварц түтігін 1000°C дейін қыздырамыз.

Төменде тотығу-тотықсыздану реакцияларын түрлері көрсетілген.

MgF_2+ 2Cu = 2Mg + CuF_2

2LiF+ Mg = 2Li + MgF_2


MgF_2 + 2e = Pb^0 + $2F^-$

Mg^0 + $2F^-$ MgF_2 + 2e

MgF_2/LiF/Cu – элементтерінен құралған тұздар мен негіздер бір-бірінен ерекшеленеді себебі, тұздарының жұмыс істеу қабілеті төменгі температурада токты разрядтау мумкіндігі артады. Сондықтан пиротехникалық ток көздерін анод және катод ретінде осы элементтерді қолдану ерекші рөл атқарады.

Пиротехникалық қоспалардың резервті ток көздерін алуға арналған кондырғы(Сурет 1). Реактор кварц труба арқылы қыздарыды. Кварц труба ішінде пиротехникалық резервті ток көздерінің үлгілері орналасқан.


NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Сурет 1 - Пиротехникалық қосымша ток көзін алу қондырғысы
1- реактор, 2-амперметр, 3-кернеу, 4-вольметр, 5-трансформатор

1-суретте ұнтақ магний мен түйіршікті литий үшін электр тогының уақытқа қарсы кинетикалық қисықтары көрсетілген.

Құрамында мырыш ұнтағы бар ПРТК үшін токтың максималды мәні 0,125 А. 2-сурет - мыс пен литий негізделген пиротехникалық композиция үшін токтың уақытқа қарсы кинетикалық қисығы.



Зерттелетін үлгілердің вольт-амперометриялық сипаттамаларын өлшеу үшін ұнтақталған алюминий (дисперстілігі 65 мкм) және түйіршікті мырыш (шамамен 500 мкм дисперстілігі) пайдаланылды. Алынған ток және кернеу деректерінің нәтижелері 1-кестеде көрсетілген. Ұнтақталған мырышты пайдаланған кезде максималды ток және кернеу мәндері түйіршікті мырыш негізіндегі ПРТК-пен салыстырғанда төмен.

Образец	I, A	U, B
1	0,03	0,42
2	0,08	0,52
3	0,05	0,73
4	0,03	0,64
5	0,06	0,59

1-кесте – 0,8 мм сепараторы бар MgF_2/LiF /Cu құрамының максималды кернеуі мен электр тогының мәндері.

Литий мен магний фторидтеріне негізделген ПРТК вольт-амперометриялық сипаттамаларын зерттеу нәтижелері пиротехникалық қоспалардың болуы оның өнімділік қасиеттерін арттыратынын көрсетті.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Нәтижелер және оларды талқылау

Кесте нәтиже бойынша алынған мәліметтерге суйенсек зарядтын сыйымдылығы жоғарылады. Сондықтан разрядты сыйымдылығын қарастырайық.

Разряд сыйымдылығы - электр қуатының бастапқы кернеуден соңғы кернеуіне дейін разряд айтады. Разряд кезінде тұрақты болуы мүмкін немесе оның мәндерін өзгеру мүмкін сондықтан олар: үздіксіз немесе үзіліссіз күйге ұшырайды. Жалпы алғанда, сыйымдылы

$Cp= \int(Ir*dt]$

Көбінесе, ток тұрақты болған кезде немесе келесі сатыға ауысқан кезде заряд сатылы режимге өтеді.

$Cp= Ir\ dt$

Сыйымдылығы бар зарядтар сатылы режиммен жүзеге асады, сонымен қатар тұрақты ток кезінде әр сатыдан ауысу кезінде соңғы сатымен салыстырғанда төмендейдіде келесі түрде болады.

$Cp = I_1t_1 + I_2t_2 \ldots Intn$

Көбінесе заряд сатылы режиммен жүреді, өйткені сатының тогы төмендейді және келесі сатыға өткен кезде азаяды. сыйымдылығы химиялық ток көздерінің - ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді:

Активті заттың массасы және оның физика-химиялық қасиеттері және белсенді заттардың массасы арасындағы байланыс өте маңызды және Фарадей заңынан туындайды

$m = k\int Irdt= kCp$

мұндағы k-электрохимиялық эквивалент.

Қортынды

Магний және литий негізіндегі резервті ток көздердің вольт-амперлік параметрлері тәжірибе жүзінде анықталды. ХТК – үлгілер пластиналы болса, ал резервті ток көздерде ұнтақ пен түйіршікті тәрізді болады, жане мырыштың вольтамперлік сипаттамасы бойынша 0,4-0,5 аралығында ток күші өзгереді. Тәжірибеден алынған мәліметтер рентген фазалы мәліметтермен дәлелденді. Мырыш-марганецтен құралған электродтардың физика-химиялық қасиеттеріне байланысты ток күші жоғары болғандықтан, разядтық сыйымдылығы ие болады

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Гришин С.В., Каверин О.А., Мамонтова Ю.Е., Стекольников Ю.А. Быстроактивируемый резервный источник тока на основе пиротехнического материала с высокой скоростью // Вестник ТГТУ. - 2011. - Том 17. - № 3. - С.61-64.
2. Нысанбаева Г.Р., Дабынов Б., Лесбаев Б.Т. Резервные источники тока на основе пиротехнического материала// Тезисы докладов Международной научной конференции студентов и молодых ученных. -Алматы, 23-25 апреля, 2014. – С.171.
3. Просянюк В.В., Суворов И.С., Сигейкин Г.И., Куликов А.В. Пиротехнические источники тока - новый класс устройств резервной электроэнергетики// Российский химический журнал.– 2006. - № 5. -Т.1. -С.113-118.
4. Виноградов Ю.А. Радиолюбителю-конструктору, Металлургия., 2016. С.51-57
5. Дасоян М. А. Химические источники тока. — 2-е изд. — Л., 2009.
6. Сивец М.В. Химические источники тока // Актуальные проблемы энергетики СНТК 2009 С. 644-646

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ: СТУДЕНТТЕР БОЛАШАҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ

Мұқан Еркежан Ержанқызы
Экономика мамандығының 2 курс студенті,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Бүгінгі таңда кәсіпкерлік және инновация экономиканың негізгі қозғаушы күштері ретінде аталады. Бұл мақала студенттердің қарапайым кіші кәсіптерден бастап жаңа технологиялар мен инновациялар арқылы болашақ экономиканың драйвері ретіндегі мүмкіндіктерін талқылайды. Қоғамдағы студенттердің кәсіпкерлікке деген қызығушылығы мен олардың әлеуметтік және экономикалық салаларға ықпалы кеңінен қарастырылады.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, инновация, студенттер, экономика, драйверлер.

Кәсіпкерлік және инновация: студенттердің болашақ экономикадағы орны

Кіріспе

Жас студенттер бүгінгі экономиканың ең маңызды факторларының біріне айналды. Инновацияларды енгізу және кәсіпкерлікті дамыту арқылы экономикалық қаржыландыруды жаңарту студенттерге тек білім алудың емес, сонымен қатар қоғамда нақты әсер қалдырудың мүмкіндігін береді. Жаһандық экономикада жастардың орны ерекше, себебі олар жаңа идеялардың көзі болып табылады. Олардың шығармашылық қабілеті мен ынтасы қазіргі экономикалық сын-қатерлерді еңсерудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі.

Кәсіпкерліктің маңыздылығы

Кәсіпкерлік тек табыс табудың жолы ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешудің тиімді құралы болып табылады. Кәсіпкерлер нарықтың қажеттіліктерін түсініп, жаңа өнімдер мен қызметтерді ұсына отырып, қоғамның әл-ауқатын жақсартады.

Мысалы, стартаптарды дамытудағы студенттердің үлесі зор. Қазақстандағы Astana Hub немесе TechGarden сияқты инновациялық орталықтар жастардың кәсіпкерлік жобаларына қолдау көрсетіп, олардың идеяларын нарықта іске асыруға мүмкіндік береді. Осындай бастамалар арқылы студенттер өз тәжірибесін арттырып, іскерлік дағдыларын дамытады.

Инновациялар экономиканың басты күші ретінде

Инновациялар экономиканың екі бағыттың жақсаруына ықпал етеді: нарықтық компоненттерді дамыту және жаңа серпін беру. Студенттердің шеберлігі мен жан-жақты білімі осындай тығыз байланысты үйлестіреді. Мысалы, цифрлық экономикаға көшуде жас кәсіпкерлердің жаңа мобильді қосымшалар мен онлайн платформаларды әзірлеуі үлкен рөл атқарады. Олар экономикалық процестерді жеделдетіп қана қоймай, тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда тиімділікті арттырады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қазақстанда студенттердің инновациялық жобаларының сәтті жүзеге асырылған мысалдары да аз емес. Мысалы, IT саласында құрылған қазақстандық стартаптар әлемдік нарыққа шығып, ел экономикасына қосымша табыс әкелуде. Осындай жобалар экономиканы жаңғыртудың негізі болып табылады.

Студенттердің әлеуметтік кәсіпкерліктегі рөлі

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл тек пайда табу емес, сонымен қатар қоғамның маңызды мәселелерін шешуге бағытталған іс. Студенттер осы бағытта белсенділік танытуда. Олар экологияны қорғау, білім беру сапасын арттыру, халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарына көмек көрсету сияқты мәселелерді шешуге тырысады.

Мысалы, Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде студенттік еріктілер бастамалары үлкен қолдауға ие болуда. Экологиялық стартаптар, ауылдық мектептерге арналған білім беру жобалары және қайырымдылық шаралары – осының барлығы студенттердің әлеуетін көрсетеді. Бұл жобалар экономикаға ғана емес, қоғамның рухани дамуына да ықпал етеді.

Қорытынды

Бүгінгі экономикалық жағдайда, студенттердің рөлі аса маңызды. Олар кәсіпкерлік пен инновациялар арқылы экономиканың қозғаушы күшіне айналуда. Қоғамның әртүрлі салаларында олардың белсенділігі экономикалық тұрақтылық пен өсуді қамтамасыз етеді. Студенттер тек болашақ экономика үшін драйвер ғана емес, қазіргі заманның ең креативті және маңызды күштерінің бірі болып табылады.

Инновациялар мен кәсіпкерлікке бағытталған студенттік жобалар – бұл Қазақстан экономикасының жаңа серпіні. Сондықтан, жас ұрпақты қолдау мен олардың идеяларын жүзеге асыру үшін жағдай жасау – бұл мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Студенттердің білімін тәжірибемен ұштастыру арқылы Қазақстан экономикасы жаһандық нарықта өз орнын нығайта алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Astana Hub ресми сайты: www.astanahub.com
2. Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің баяндамалары.
3. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы.
4. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2023 жылғы баяндамасы.
5. Porter, M. Competitive Advantage: Creating and Sustaining Superior Performance. New York: Free Press, 1985.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТЕРГЕУ КЕЗІНДЕ КҮНДІЗГІ СТАВКАНЫ ӨТКІЗУДІҢ ТАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ықыласов Ғалымбек
СПД-22-1к тобының студенті
Елеубекова Назгүл Елеубекқызы
Ғылыми жетекші, заң ғылымдарының магистрі

Аннотация: Бұл мақалада жалпы қылмыстық ұйымдардың қызметін тергеу кезінде күндізгі ставканы өткізу барысындағы түрлі тактикалық ерекшеліктерді қарастырдық. Күндізгі ставка дербес тергеу әрекеті болып табылады және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 218-бабымен реттеледі. Негізінде, бұл бұрын жауап алынған екі адамнан олардың айғақтары арасында туындаған елеулі қайшылықтар туралы бір-бірінің қатысуымен жауап алу.

Кілт сөздер: тактика, тергеу, қылмыстық ұйымдар,

Бұл тергеу әрекетін қылмыстық ұйымдардың (корпорациялардың) қызметін тергеудің бастапқы кезеңінде жүргізу практикалық емес, өйткені тергеушіде қылмыстық әрекеттің нақты эпизодтары, топ ішіндегі қатынастар, қақтығыстар мен қайшылықтардың болуы және осы әрекеттің сәтті өтуіне ықпал етуі мүмкін басқа мәліметтер туралы жеткілікті ақпарат жоқ. Сонымен қатар, " бұл өте үлкен тәуекелге, кейде бетпе-бет ставканы жүргізудің ықтимал нәтижелерін болжау мүмкін .стігіне, тергеу жағдайының күрт нашарлау қаупіне байланысты. Айтпақшы, бұл тергеу әрекеті көптеген елдердің қылмыстық процесіне белгісіз " [1, Б. 48]. Сондықтан, біз бетпе-бет ставканы тергеудің келесі және соңғы кезеңдерінде ғана жүргізуді ұсынамыз, егер бұл қауіп болмаса:

а) қорқыту нәтижесінде немесе басқа себептер бойынша бетпе-бет ставканың "әшкерелеуші" қатысушысы айғақтарды өзгертуі мүмкін деген қауіп бар;

б) егер бетпе-бет ставка тергеуге қарсы іс-қимыл бойынша күш-жігерді үйлестіру үшін пайдаланылуы мүмкін болса;

в) бетпе-бет ставка айғақтардағы қайшылықты жою үшін емес, бұрынғы айғақтарды бекіту үшін жүргізіледі;

г) көп жағдайда айыпталушы мен оның туыстары мен жақын таныстары арасында бетпе-бет ставка жасау орынсыз. Аяушылық сезімдерінің соңғысы олардың айғақтарына жалған түзетулер енгізуі мүмкін [2, 167-бет].

Бұл жағдайларды анықтау бетпе-бет ставканың мазмұнын анықтап қана қоймайды, сонымен қатар бұл жағдайлардың қылмыстық топтардың Жедел-іздестіру, процессуалдық-криминалистикалық қызметіне әсер ету сипатын көрсететін деректерді анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты бетпе-бет ставканы жоспарлау процесіне белгілі бір әсер ететін жағдайлардың үш тобын ажыратуға болады. Жағдайлардың бірінші тобы-тергеу әрекетін жүргізу процесін қиындататын жағдайлар. Екінші топ-қылмыскерлерге әсер ету тактикасын белгілі бір дәрежеде жеңілдететін жағдайлар. Үшінші топқа тергеу жағдайына, субъективті және объективті факторларға және басқа жағдайларға байланысты бетпе-бет ставканы жүргізу процесін қиындататын және жеңілдететін жағдайлар жатады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, жағдайлардың басым көпшілігінде тергеу әрекетін жүргізу процесін қиындататын жағдайларға мыналар жатады:
- қылмыстық корпорацияның жоғары ұйымдық тұтастығы және олардың бірлігі;
- билік, басқару және сот органдарында сыбайлас жемқорлық байланыстарының болуы;
- қылмыстардың жоспарлануы және заңды мінез-құлық аңызының болуы;
- қауіпсіздік шараларын қабылдау, оның ішінде барлау және қарсы барлау;
- қылмыстық формацияның төменгі мүшелерінің шектеулі рөлдік хабардарлығы;
- жедел-іздестіру көздері арқылы алынған барлау ақпаратының жетіспеушілігі мен толықтустігі;
- анықталған фактілерге қатысты тергеу бойынша белсенді іс-қимылдар жүргізудің іс жүргізу қажеттілігі.

Біздің мәліметтеріміз бойынша жағдайлардың екінші тобына мыналар кіреді:
- тергеу қызметкерлерінің бетпе-бет ставка жасау туралы шешім дайындау мен қабылдаудағы бастамасы;
- тосын факторды қолдану [3, б. 21] және тергеушінің рефлексия деңгейіндегі артықшылығы;
- қылмыстық формация көшбасшыларының және олардың жақын ортасының ұйымдасқан қылмыстық қызметі туралы жедел-іздестіру ақпаратының жеткілікті болуы;
- қылмыстық формация мүшелері арасында әртүрлі қайшылықтар мен қарама-қайшылықтардың болуы;

Жағдайлардың үшінші тобы мыналарды қамтиды:
- ұзақ өмір сүруге бағдарлау;
- қылмыстық іс-әрекеттің нақты эпизодтарына Жетекшілердің қатыспауы;
- өзінің қылмыстық профилін өзгерту мүмкіндігі;
- негізгі, негізгі қылмыстарға көмекші және жанама қылмыстар жасау;
- қылмыстық формацияның кейбір мүшелерінің шектен тыс әрекеттерді жасауы.

Бетпе-бет ставканы жоспарлау процесіне әсер ететін көрсетілген жағдайлар оны тактикалық тәуекел жағдайында жүргізуді болжайды, дегенмен көптеген тәжірибешілер мен сот-медициналық ғалымдар тактикалық тәуекел бетпе-бет ставканың табиғи құрамдас бөлігі екенін көрсетеді. Тәуекелден аулақ болуға деген ұмтылыс мүлдем нақты емес; міндет-ең аз тактикалық тәуекел стратегиясын таңдау, оның шешімінің ықтимал теріс салдарын болжау және осы салдарды жою немесе жеңілдету шараларын алдын-ала ойластыру [4, 192-бет].

Күндізгі ставканы жүргізу арқылы шешілетін тергеу жағдайлары:

1. Бұрын жауап алынған адамдардың бірі белгілі бір жағдайды түсіндірген кезде шынайы айғақтар береді, екіншісі жалған айғақтар береді.

2. Бұрын жауап алынған екі адам да бірдей жағдайларды түсіндірген кезде бір оқиғаны басқаша түсіндіре отырып, жалған куәлік береді.

Зерттелетін қылмыстарды тергеу кезінде бетпе бет ставканы ұйымдастыру мынадай іс жүргізу тәртібімен жүргізіледі:

1. Тергеуші бұрын жауап алынған екі адамның арасында, егер олардың айғақтарында елеулі қайшылықтар болса, осы қайшылықтардың себептерін анықтау үшін бетпе-бет ставка жасайды.

2. Осы Кодексте көзделген жағдайларда бетпе-бет ставкаға жауап алынатын адамның қорғаушысы, педагогы, дәрігері, аудармашысы және заңды өкілі қатыса алады.

3. Бетпе-бет ставканың басында бетпе-бет ставка жасалатын адамдардың бір-бірін білетіндігі және олардың қандай қарым-қатынаста екендігі нақтыланады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Куә мен жәбірленушіге айғақтар беруден бас тартқаны, айғақтар беруден жалтарғаны және көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі, сондай — ақ оларға өзіне, жұбайына (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына, ал діни қызметшілерге-мойындауға сеніп тапсырылғандарға қарсы куәлік бермеу құқығы түсіндіріледі.

4. Бетпе-бет ставкаға шақырылған адамдарға анықтау үшін бетпе-бет ставка жүргізілетін істің мән-жайлары туралы кезекпен айғақтар беру ұсынылады. Осыдан кейін тергеуші сұрақтар қояды. Бетпе-бет ставкаға шақырылған адамдар тергеушінің рұқсатымен бір-біріне сұрақтар қоя алады.

5. Күндізгі ставканы өткізу кезінде тергеуші іске қоса тіркелген заттай дәлелдемелер мен құжаттарды ұсынуға құқылы.

6. Алдыңғы жауап алуларда бетпе-бет ставкаға қатысушылар берген айғақтарды жария етуге олар бетпе-бет ставкада айғақтар бергеннен және оларды хаттамаға енгізгеннен кейін рұқсат етіледі.

7. Күндізгі ставканың барысы мен нәтижелері ҚР ҚІЖК-нің 203-бабында көзделген қағидалар бойынша жасалатын хаттамада көрсетіледі.

8. Тергеуші бетпе-бет ставкаға қатысушыларды хаттаманың мазмұнымен таныстырады. Жауап алынған адамдардың хаттамаға түзетулер мен толықтырулар енгізуді талап етуге құқығы бар. Бетпе-бет ставка хаттамасына тергеуші мен жауап алынған адамдар қол қояды. Әрбір жауап алынған адам өз айғақтарына және хаттаманың әрбір бетіне қол қояды.

Қарастырылып отырған қылмыстарды тергеу кезінде бетпе бет ставка жасау тактикасының ерекшеліктері келесідей:

Біріншіден, қайшылықтарды басқа тәсілдермен жою мақсатында қылмыстық іс мұқият зерттеледі;

Екіншіден, егер бұл қарама-қайшылықтарды басқа жолдармен жою мүмкін болмаса, тергеуші бетпе-бет ставкаға дайындалып, келесі әрекеттерді орындауы керек:

- мәселе қайшылықтардың мәнін айғақтарда анықтау және осы әрекетке қатысушылардың қайсысы айғақтарды тергеу үшін нашар жаққа өзгерте алатынын анықтау. Егер Қайшылықтар еріксіз адамның көмегімен жойылса, онда оны осы тергеу әрекетіне дайындау керек;
- егер қылмыстық топ мүшелері арасында қайшылықтар болса, онда қарама-қайшылықтар алдымен топтың екінші мүшелерінде, содан кейін орта буында және соңында топта жетекші орынға ие адамдарда жойылатындай есептеумен бетпе-бет ставка жасау керек;
- егер топта тергеу әрекетін бастамас бұрын қақтығыстар мен қайшылықтар болса, тергеуші оларды күшейтуі керек, мысалы, мұндай қақтығыстардың бар екендігі және олардың себептері туралы хабардар болу, ұсталғандарға әртүрлі бұлтартпау шараларын таңдау, олардың жеке басын және қылмыс жасаудағы рөлін ескере отырып ұстау шарттары, олардан алынған айғақтарды пайдалану және басқалар. [5, б.274].
- бұл ретте олардың бір-біріне қарсы отыруы міндетті емес; олар бетпе-бет ставканың екінші қатысушысының жеке басын куәландыра алатындай жеткілікті, бірақ сонымен бірге олар бір-біріне арқа сүйей алады немесе тіпті егер бетпе-бет ставкаға қатысушылардың бірі жасаса, бөлімнің артына орналастырылуы мүмкін басқасын қорқыту немесе шартты белгілерді беру әрекеттері [1, б. 50].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

- тактикалық әдістер мен комбинацияларды қолданған кезде тергеуші алдымен жауап алынуы керек адамды таңдайды және белгілі бір жағдайда орынды болатын әрекет тактикасын тиісті түрде қолданады. Мысалы, алдымен шындықты айтатын адамнан жауап алуға болады, ал кейбір басқа жағдайларда, керісінше, деректері шындыққа сәйкес келмейтін адамның айғақтарын тыңдауға болады;

- тек төтенше жағдайларда, елеулі қайшылықтар болған жағдайда, қылмыстық құрылымдарды ұйымдастырушылар мен белсенді орындаушылар арасында бетпе-бет ставкалар жасалуы керек. Бетпе-бет ставка кезінде олардың арасындағы қайшылықтардың барлық жиынтығын өсіп келе жатқан ретпен пайдалану қажет. Сонымен қатар, қалған дәлелдемелер де дайындалуы керек - басқа адамдардың айғақтары, құжаттық деректер, сараптама нәтижелері [6, 166-бет];

- сұрақтарды тек тергеуші және тергеу әрекетінің соңында қоюы керек; оның рұқсатымен бетпе-бет ставкаға қатысушылар бір-біріне сұрақтар қоя алады. Егер тергеуші сұрақтарда қорқыту, бопсалау, ақпарат беру немесе басқа да жағымсыз әрекеттерді байқаса, онда ол одан әрі сұрақтарға тыйым салып, тергеу әрекетін аяқтауы мүмкін;

- бетпе-бет ставканың бағасы барысы және нәтижелері хаттамада көрсетіледі, және қолдар әрбір жауаптан кейін және хаттаманың соңында қойылуы тиіс.

Біздің ойымызша, қылмыстық ұйымдардың қызметін тергеу кезінде бетпе-бет ставканы жүргізудің осы тактикалық ерекшеліктерін ұстану керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Закатов А.А., Цветков С. и. ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған қылмысты тергеу кезінде жауап алу тактикасы. - М., НИиРИО Моск. Ресей ІІМ, 1996 ж.,- 86 Б.

2. Тергеу әрекеттері (процессуалдық сипаттамасы, тактикалық және психологиялық ерекшеліктері): Оқу. КСРО ІІМ жоғары оқу орындарына арналған нұсқаулық / [А.К.Гаврилов, Ф. в. Глазирин, С. П. Ефимичев және т. б.]. - Волгоград: ВСШ, 1984. – 189 б.

3. Бахин в.п., Кузмичев В. С., Лукьянчиков Е. Д. ішкі істер органдарының қылмыстарды ашуда кенеттен пайдалану актісі: оқу. оқу құралы / В.П. Бахин, В.С.Кузьмичев, Е. Д. Лукьянчиков; м-в ішкі. КСРО істері, Киев. жоғары. шк. оларға. Ф.Э.Дзержинский. - Киев: КСРО ІІМ КВШ. – 1982. – 211 Б.

4. Белкин р. с. криминалистика курсы: 3 т. – М: заңгер, 1997. Т.3. - 480 б.

5. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес негіздері / ред.В. С.Овчинский, В.Е.Эминова, Н. п. Яблоков. - М.: "ИНФРА-М", 1996. - 400 б.

6. Нұрғалиев Б. М. ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекет. (қылмыстық-құқықтық, іс жүргізу және сот-медициналық аспектілер): Монография. - Қарағанды, ҚР МСК КВШ-дан, 1997. – 197 б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

DEVELOPING SOCIOCULTURAL COMPETENCE IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

Toltebayeva K.Zh.
4th year student of Foreign Languages Teacher Training Faculty
«6B01701-Teacher of two Foreign Languages»
KazUIRandWL,
Zhumabekova G.B.
Candidate of Pedagogical Sciences, Professor,
Head of the Department of Foreign Language Education Methodology
KazUIRandWL,
Almaty, Kazakhstan

